

Краткий агрометеорологический обзор за 2-ю декаду мая 2022 года

Во второй декаде мая все зерносеющие районы северной половины республики приступили после предварительной обработки почвы (культивация, обработка гербицидами, ядохимикатами) к посеву яровых зерновых культур. Условия для проведения посевных работ складывались в основном удовлетворительные, выпавшие осадки, особенно на западе страны несколько пополнили влагозапасы почвы.

На ранних посевах яровых зерновых культур на севере, востоке и в центре страны отмечается фаза «прорастание зерна» – «образование узловых корней», состояние растений хорошее.

В южных областях страны умеренно теплая, местами с осадками выше нормы погода была благоприятна для роста и развития яровых зерновых культур. Яровая пшеница находится в фазе «прорастание зерна» – «кущение», у ярового ячменя фаза «всходы» - «появление нижнего стеблевого узла», на ранних посевах «колошение» – «цветение», состояние повсеместно хорошее.

В южных областях в основном завершили посев теплолюбивых культур, приступили к вегетационным поливам, рыхлению междурядий, к спуску и напуску воды в рисовые чеки.

В Алматинской, Карагандинской, Костанайской и Северо-Казахстанской областях продолжается посадка картофеля, в Павлодарской и Восточно-Казахстанской областях посев семян подсолнечника, качество работ повсеместно хорошее. В Костанайской и Актюбинской областях завершается посев льна масличного.

В Алматинской, Жамбылской и Туркестанской областях наблюдались благоприятные условия для роста и развития озимой пшеницы, выпавшие осадки пополнили влагозапасы почвы. Фаза развития «появление нижнего стеблевого узла» - «цветение», состояние отличное и хорошее.

На юге и юго-востоке республики у плодовых культур отмечается фаза «формирование плодов» и «конец роста побегов», у малины – «цветение». Состояние плодовых культур отличное и хорошее.

Состояния трав люцерны, клевера и эспарцета на юге страны хорошее, фаза развития «появление соцветий» - «цветение».

На наблюдаемых участках в Костанайской, Карагандинской областях состояние трав житняка хорошее и удовлетворительное, в Павлодарской области на отдельных участках отмечается стравливание трав скотом.

Во второй декаде мая, в районах пастбищного животноводства отрицательные значения аномалии температуры воздуха наблюдались лишь в западных областях и составляли от минус 3°C до 0°C, на остальной территории аномалии температуры воздуха были положительными и имели значения от 0°C до плюс 4°C тепла. Значительные осадки выпали на пастбищах запада и юго-востока страны.

Повсеместно проводился выпас скота. Продолжается стрижка, профилактическое купание овец и ветеринарные мероприятия.

Состояние травостоя в основном хорошее, отличное состояние травостоя наблюдается в Иргизском районе Актюбинской области, Энбекшиказахском и Балхашском районах Алматинской области, в Шетском районе Карагандинской области, в Созакском районе Туркестанской области и в Уалихановском районе Северо-Казахстанской области.

Пастбища были слабо и умеренно стравлены. Сильно стравлены пастбища в Акжайыкском районе Западно-Казахстанской области.

Запасы продуктивной влаги в почве в Жамбылской, Туркестанской и Мангистауской областях сложились оптимальные, в Алматинской, Карагандинской, Костанайской и Акюбинской областях от удовлетворительного до оптимального, в остальных областях от недостаточного до оптимального условия увлажнения почвы.

2022 жылдың мамыр айының 2-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу

Мамыр айының екінші онкүндігінде республиканың солтүстік жартысындағы барлық астық егілетін аудандарында топырақты алдын ала өңдегеннен кейін (культивациялау, гербицидтермен, улы химикаттармен өңдеу) жаздық дәнді дақылдарды егуге кіріскен. Егін егуге қанағаттанарлық жағдай болған, жауған жауын-шашын, әсіресе елдің батысында топырақ ылғал қорын біршама толықтырған.

Елдің солтүстігінде, шығысында және орталығында жаздық дәнді дақылдардың ерте себілген егістіктерінде «дәннің өнуі» – «түйін тамырларының пайда болуы» фазасы байқалған, өсімдіктердің жағдайы жақсы.

Еліміздің оңтүстік облыстарында орын алған бірқалыпты жылы, кей жерлерде нормадан жоғары жауын-шашынды ауа райы жаздық дәнді дақылдардың өсуі мен дамуы үшін қолайлы болған. Жаздық бидай «дәннің өнуі» – «түптену» кезеңдерінде, жаздық арпа «көктеу» - «төменгі сабақ түйінінің пайда болуы», ерте егілген егістіктерде «масақтану» – «гүлдену» фазаларында, жағдайы тегіс жақсы.

Оңтүстік облыстарда жылу сүйгіш дақылдарды себу науқаны аяқталған, вегетациялық суаруға, қатарлар арасын қопсытуға, күріш чектеріне су жіберуге кіріскен.

Алматы, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында картоп отырғызу, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында күнбағыс тұқымын себу жұмыстары жалғасуда, барлық жерде жұмыс сапасы жақсы. Қостанай және Ақтөбе облыстарында майлы зығыр егу аяқталуда.

Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында күздік бидайдың өсуі мен дамуы үшін қолайлы жағдайлар байқалған, жауын-шашын топырақтағы ылғал қорын толықтырған. Даму фазасы «төменгі сабақ түйінінің пайда болуы» - «гүлдену», жағдайы өте жақсы және жақсы.

Республиканың оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында жеміс дақылдарында «жемістердің қалыптасуы» және «өскіндердің өсуінің соңы», таңқурайда –

«гүлдену» фазасы байқалған. Жеміс дақылдарының жағдайы өте жақсы және жақсы.

Елдің оңтүстігінде жоңышқа, беде және эспарцет шөптерінің жағдайы жақсы, даму кезеңі «гүл шоғырының пайда болуы» - «гүлдену».

Қостанай, Қарағанды облыстарындағы бақылау учаскелерінде еркекшөптің жағдайы жақсы және қанағаттанарлық, Павлодар облысының жеке учаскелерінде шөптердің малмен тапталуы байқалған.

Мамыр айының екінші онкүндігінде жайылымдық мал шаруашылығы аудандарында ауа температурасының ауытқуының теріс мәндері тек батыс облыстарда ғана байқалған және минус 3°C-тан 0°C дейін болған, қалған аумақтарда ауа температурасының ауытқулары оң болған және 0°C плюс 4°C дейін жылған. Елдің батысы мен оңтүстік-шығысындағы жайылымдарда айтарлықтай жауын-шашын болған.

Барлық мал шаруашылығы аймақтарында мал жайылымы жүргізілген. Қырқу, қойларды профилактикалық шомылдыру және ветеринариялық іс-шараларда жалғасуда.

Шабындықтардың жағдайы көбінесе жақсы, өте жақсы Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында, Алматы облысының Еңбекшіқазақ және Балқаш аудандарында, Қарағанды облысының Шет ауданында, Түркістан облысының Созақ ауданында және Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданында байқалған.

Жайылымдар әлсіз және орташа тапталған. Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданындағы жайылымдар қатты тапталған.

Жамбыл, Түркістан және Маңғыстау облыстарында топырақтың өнімді ылғал қоры оңтайлы, Алматы, Қарағанды, Қостанай және Ақтөбе облыстарында қанағаттанарлықтан оңтайлыға дейін, қалған облыстарда топырақтың ылғалдану жағдайы жеткіліксізден оңтайлыға дейін қалыптасқан.